

алатын жеміс қас қағымда тегеурінімен тіліп өтеді, не сызып өтеді. Жарып жібереді десе де болады. Бірақ саятшылары мұны «теуіп түсіреді» деп мақамдайды. Тілімізге де солай сіңген.

Аспанда ұшқан қызғыш құс,

Сені көлден айырған–

Лашын құстың тепкіні – деп ақын Махамбет бекер айтпаған. Лашынның жарып жіберетін дінін, тұяғымен тіліп жіберетінін біле тұра, солай айтудың орнына «тепкіні» деп әдейі ауыс айтып тұр.

Жалпы, өлеңде ақынның елге, жерге деген сүйіспеншілігі, отанына деген сенімі терең бейнеленген. Махамбет – қазақ поэзиясы үшін мәңгілік тақырып. Талданған туындыларда Махамбеттей тұлғаның батырлық, ақындық ерекшеліктері әр қырынан, негізінен сәтті ашылған десек те, батыр бабаның болмысына, рухына неғұрлым сай биік тұлғасын жасау – келешектің ісі демекпіз. Көркемдік ізденістерімізге жаңа өріс, соны серпін керек. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек. Біздің болашағымыз үшін күрескен Махамбет атамиздың рухына басымызды иіп, еліміз үшін күрескені үшін елімізді одан әрі көркейту керек. Батыр бабаларымыздың аңсаған арманы еліміздің азаттығын алу болған еді, соны жадымыздан шығармай, әрқашан мақтан тұтып, болашақта елімізді көркейту – бізге парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған аймақтық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Шымкент: «Нұрлы бейне». – 2003. 106 б
2. «Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» //Қазақ әдебиеті. – 1937. № 41
3. Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті //Қазақ әдебиеті. – 2003. 12.09.Т.Төлеген. «Қазақ әдебиеті. Халық ауыз әдебиеті». - Алматы, 2015.
4. Махамбет поэзиясының тілі //Қазақ әдебиеті. – 1938.
5. Белый А. Символизм как миропонимание. – М.: Республика. – 2007. – 73 с.
6. Ермилова Е. Теория и образный мир символизма. – М.: Республика. – 2003. 38 с.
7. Пайман А. История символизма. – М., 2001. – 14-17 с.

Несипбекова А.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 1-ші курс докторанты

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., профессор Смағұлов Ж.К.

Т.КӘКШҰЛЫ ЖӘНЕ СӘКЕНТАНУ ІЛІМІНІҢ СЫРЛАРЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері жаңа заман жаршысы, публицист ақын Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы, творчествосы жөнінде ғалым Серік Қирабаев көшбасшы болып талай – талай ғалымдарымыз зерттеп сәкентану ілімінің негізін қалады. Серік Қирабаев және Есмағанбет Ысмайылов сынды ғалымдарымыздың зерттеулеріндегі ақын туралы қаншама мақала, публицистика, естеліктерді атамағанның өзінде Е. Ысмайловтың «Ақын және революция» (С.Сейфуллиннің творчестволық өмірі мен революциялық поэзиясы туралы), Ә.Тәжібаев «Өмір және поэзия», Т.Жангелдин «Сәкен Сейфуллин», проза саласында С. Талжановтың «Сейфолланың Сәкені», Ә.Көшімовтің «Лашын» хикаясы – ақын өмірі мен қызметін сипаттаса, С.Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин» (ақынның творчестволық жолы) Сәкен жөніндегі сүбелі еңбек екені және осы арқылы, осы еңбектерді оқу нәтижесінде біз ақын бейнесін сомдағанымыз айқын.

Міне, осындай ірі-ірі зерттеу еңбектері бола тұрса да, қазақтың біртуар азаматы С.Сейфулин үшін айтылар ой, зерттеулердің бітпегенінің бір дәлелі ретінде Т.Кәкішовтың сан жылдар Сәкен ғұмырнамасына тереңірек бойлай түсуді алдына мақсат

етіп қойып, сол ізденудің нәтижесінде туған ғылыми зерттеу еңбектері, тың деректері ақын сырларын танудағы зор үлесі, соны жаңалығы болды.

Т.Кәкішевтің сәкентануға қосқан ең зор үлесі Сәкен өмірі мен шығармашылығының «ақтандағын» ашу болып табылады. Яғни ақын шығармаларының табиғатын тануға ең алдымен адамдық болмысын, азаматтық тұлғасын таныту арқылы жетуге ұмтылу. Осы жолда ақын жайлы зерттеуші терең үңіліп ізденудің нәтижесінде қайталанбас еңбектер туғызды. Сәкенді қате бағалаудан арашалап, ақынның тарихтағы орнын айқындап берді.

Сәкеннің ғұмырнамасын зерттеп, бастыру ғалым Т.Кәкішевке көптеген қиындықтар әкелген. Бірақ зерттеуші небір қиындықтарға төзе отырып, ғылымның сара жолына түскеннен бастап көздеген мақсаты тек тарих ақтандағында бір жақты болып қалмай, келер ұрпаққа жан-жақты сан қырларымен Сәкентану ілімінің тек шындығын айтуды, бүркеленіп қалған, әлі де болса көлеңкелі жақтарымен совет үкіметінің идеологиясында тәрбиеленген буындар үшін ащы да болса шындықты ашып айтқан, ақын ғұмырнамасына арналған туындылардың заңды жалғасы ретінде бүгіндері жазушы қаламынан «Санадағы жаралар», «Ескірмейді естелік», «Тар жол тайғақ кешу тағдыры», «Сәкен сүйген сұлулар», «Мағжан - Сәкен», «Сандалтқан Садақ», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), бірінші, екінші том (2003) еңбектері туды. Атақты ғалымның 75 жасқа толуына байланысты жарық көрген «Мерей» аталатын екі томдық (2002) сүбелі еңбекте ғалым, сыншы, ұстаз тұлғасы барынша ашылған дей аламыз.

С.Сейфулин және Т.Кәкішұлы - бұл екі есімнің тұтас бір ұғымға айнала жымдасып кеткелі жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Екеуінің егіз лебізбен қосарлана айтылуы ой-санамызда орныққаны сонша, бір-бірінсіз сөз айтуға болмайтыны қалыпты жағдайға айналды. Сыншы - ғалым Әуез Бейсебаев Т.Кәкішұлының жетпіс жылдық мерейтойында жазған мақаласын «Сәкентанудың Мұзжарғышы» деп атаған еді. Расында да Сәкен ақталған алғашқы жылдары ақын өмірі мен шығармашылына қалам тартқандар кеңестік идеологияның талап-тілектеріне жалтақтай отырып, сәкентану атты үлкен теңіздің мұзы қатпаған және суы таяз тұстарынан өз қайықтарымен зыр етіп өте шығып, басқа кемелерге кең жол ашты.

Т.Кәкішұлы сан жылдар бойы Сәкен ғұмырнамасына тереңірек бойлай түсуді алдына мақсат етіп қойды. Сол ізденудің нәтижесінде туған ғылыми зерттеу еңбектері, ғұмырнамалық тың деректер негізіндегі эссе, естеліктері ақын тұлғасын танытудағы зор үлес, соны жаңалық болды. Оның ғылымға да керек екенін Т.Кәкішұлы былай деп дәлелдейді: «Маған Сәкен жайында «барар жер, басар тау» қалмай, жолым бітеліп қалғандай болды. Сәкен жөнінде жарияланып жатқан мақала, естеліктерде қисап жоқ. Енді не істеу керек? Көпшілік жұрт өткен жолды шиырлап қайтемін. Сын тарихы мойнымда тұр ғой, соны кеміре берейін, алаңдамаймын деп бір қойдым. Жинақталған материалдар, әсіресе кандидаттық диссертацияны жазуда партия архивін қайтадан қарап шығуым, тағы басқа көп бейнеттерім бүйірімнен түрткілеп маза бермеді. Белгісіз бір күш «жаз, жаз» деп тұрғандай» [1, 36]. Осы мазасыздық жаңа жол іздеуге мәжбүрлейді.

Сәкенді жаңаша таныту мен зерттеу барысында бұрын айтылған, зерттелген жайларды қайталаудың еш қажеттігі жоқ екенін түсінген Т.Кәкішев бұл тығырықтан шығуды көп ойлады. Мұрағаттық құжаттар, ғылыми деректер, ғұмырнамалық естеліктер мен эсселер арқылы өз көкірегіне біліп-түйгенінің барлығы – әдеби-ғылыми ғұмырнама сипатындағы бір көркем шығарма секілді түрлі жанрға жетеледі де, оған ортақ бір жүйе таба алмай жаны қиналды. Орыс ақын-жазушыларының өмірінен деректер келтіретін «Тамаша адамдар өмірі» сериясынан шыққан кітаптар ерекше қызықтыратын еді, енді қайталап оқып танысты да «бұл жанр бізде жоқ, осыған кірісетін уақыт келді, оған Сәкен айырықша қолайлы» деген қорытындыға келді. Әр нәрсенің, әсіресе шығарма жазуда өзі бір сәті келетін мезгіл болады. Сол мезеттің нақ келгенін ұғынды да, бәрін жиып тастап қолға қалам алып, төрт-бес айдың ішінде машинкаға басылғанда 475 бет болатын қолжазбаны жазып шықты. Бұл қолжазбаны досы М.Дүйсенов қатты ұнатып қызыға қараса, шәкіртінің әр қадамын қадағалап жүретін

ғалым Е.Ысмайылов ерінбей-жалықпай бақандай жиырма күн оқып шығып, ескеруді талап ететін сын-ескертпелері бар пікірін жазып берді. Онда «Тұрсынбек өзінің әдебиетшілік әдісіне сай бұл күнге дейін жұртшылыққа мәлім емес Сәкеннің ақындық, революционерлік өмірінің жаңа қырлары мен сырларын ашатын толып жатқан тың дерек, фактілерді, архив документтерін пайдалана отырып, еңбекті шебер публицистикалық тілмен жазып шыққан. Жұмыстың мазмұны, композициялық құрылысы Сәкен туралы еңбектерге ұқсамайды» деген пікірді бірінші болып жазды [3, 96].

Осыдан кейін-ақ ақынның қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасына, ғұмырнамасына, шығармашылық бел-белестеріне, тіпті күнделікті тіршілік ағымынан туындаған пендешілік көзқарасына, махаббат жолындағы күрес-тартыстарына дейін терең мән бере қарап, Сәкеннің азаматтық өр тұлғасын аша түсу үшін тағы да мұрағат сөрелерін ақтарды. Сәкен жөнінде көп мағлұмат беретін әр кезде жазылған мақалалармен таныса отыра, ақынмен дәмдес болған, қызметтес болған орыс, өзбек, башқұрт, белорус жазушыларының естелік еңбектерін оқып, тірілерімен жүздесіп, әңгімелесті. Өмірдің сан қилы талқысында сынға түсіп жүрсе де, сәкентану мен ғылымға керек-ау деген бірде-бір мұрағаттық деректі елеусіз қалдырмады. Қашан да таза, қашан да қарапайым, қашан да зиялы қалыппен Сәкенге деген риясыз көңілмен зерттеуге ден қойды.

Зерттеуші Т.Кәкішұлы өз еңбектерінде Сәкен ұлтжандылығының сан қырларын ашып, нақты деректермен дәлелдеген. «Әр азаматтың өз ұлтын сүюі, ардақтауы табиғи құбылыс. Алайда интернационализмді перде етіп, бибауырмалдыққа бұра бастағанда Сәкен 1923 жылы 15 ақпанда, яғни А.Байтұрсыновтың тойынан кейін, коммунистік ұлт мәселесіндегі бағдары әлі анықталмай, яғни XII съезд өтпей тұрған уақытта ашылығы удай «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазды. Саяси ғана емес, патриоттық сыр – сипаты қалың және қазірдің өзінде тарихи шындыққа негізделмей, біреудің атқарған ісін екінші біреуге таңа салудың жат әдеті пайда бола бастаған шақта қанша ащы болса да, осы мақаланы түгелдей, әрпін өзгертпей оқушыларға ұсынсақ Сәкеннің ұлтжандылығын ұғып, мемлекет басшысы және «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болған кездегі ой – пікірімен де, іс - әрекетімен де анық танысамыз» (7, 173) – деп ағынан жарыла, еш өзгеріссіз мақаланы беруі, ұзақ жылдар Сәкен қырларын бір жақты танып, коммунист Сәкен, революционер, большевик деп қана танысақ, енді бір жаңа қырынан ашып көрсете білгені Сәкентану сырларына зерттеуші Т.Кәкішұлының терең бойлай енгенін айқын аңғарамыз.

Қазақ зиялыларының өмірбаянын там-тұмдап баяндап берер еңбектердің тапшылығын түсіне отырып жазылған, әрі дәйекті деректерге толы еңбек деп Т.Кәкішұлының «Қызыл сұңқар» (1968) тарихи-әдеби очеркін ерекше атауға болады. Жеті тараудан тұратын бұл еңбектің жарық көруіне айтарлықтай ат салысқан сәкентанушы С. Мұқанов «Тұлпардың тұрмысы» атты алғы сөз жазуымен еңбектің ұзақ жасауына ақ батасымен жол ашқандай. Жалпы бар ғұмырында С.Сейфуллинді аға, рухани ұстаз тұтқан С. Мұқановтың ақын туралы айтқан, жазған еңбектеріне қарап, оны «Сәкентанушылардың – көшбасшысы» деп таныған орынды. Т.Кәкішұлының кітабына жазған алғы сөзінде С. Мұқанов С. Сейфуллинді зерттеп-тануға үлес қосқан, ол туралы көркем шығармалар жазған адамдардың туындыларын санамалай келе ғалым еңбегінің маңыздылығына тоқтала отырып: «Сәкеннің өмірін және қызметін көптен бері шұқшия зерттеп жүрген адамның бірі...Тұрсынбек... Сәкеннің өміріне және ісіне байланысты материалдарды тінте іздеп, талмай тауып, тоқтаусыз зерттеп келе жатқан адам», - деген сөзі осыдан қырық жылға жуық уақыт бұрын айтылса да, зерттеушінің одан кейінгі ғылыми ізденістерінің шын сипатын танытады. Тарихи да көркем сипатты бұл очерк С. Сейфуллиннің өмір сүрген ортасын, атқарған қоғамдық қызметтерін көрсету арқылы оның қандай азамат болғанын анық байқатады [1, 112].

Қоғам қайраткері болу үшін ешқандай қаулы-қарар, бұйрық-жарлық керек емес. Елге деген ақ көңіліңді жарқырата түсетін, халыққа танытатын нақты іс-әрекет, парасатты ақыл-ой ғана керек. Және олардың бәрі бақай есептен ада болуға тиіс. Ақын, жазушы, өнерпаз,

қоғам қайраткері атану қолына қалам алғанның бәріне мұндай бақыт қона бермейді. Оны Сәкендер өресімен өлшегенде ғана құрмет тұтар ұлың болғаны үшін тәңірге тағзым етуге тиісті боласың. Сәкен Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының қызметіне шен-шекпен үшін отырған жан емес. Оның бар арманы жаңадан орнап жатқан қоғамның қай тесігін бітесем, қай жегіне кірпіш болып қалансам, мәдениетті, өркениетті елдің қатарына қазақты қоссам деген мақсат еді.

Сәкеннің өзі теңдес, әсіресе өзімен құрдас, жақтас замандастарынан бір ерекшелігі – жұрт мойындаған жаңашыл ұлы ақын, ірі реформаторлығында. Өленді, қара сөзді, мақаланы қолына қалам ұстаған қазақтың көбі жазған, бірақ олардың Сәкендей жарқырап дара көрінгені сирек, аз. Сәкеннің ақындығына, жаңа заманға лайықты жаңашылдығында. «Сәкеннің ақындығы жөніне келгенде түйіп айтар тұжырым: ұлы ақын, төңкерісшіл, дауылпаз ақын. Қазақтың жаңа жазба әдебиетіне негіз қалаған Абайдың жаңашылдық рухы, әсіресе Сәкенге жұққан, Сәкенде күшті. Тілейік мейлі, тілемейік мейлі, Сәкен қазақ кеңес әдебиеті деп аталатын бағыттың негізін қалаушы болды, соның ұраншысы, жаршысы болды. Ол қате болған күннің өзінде де тарихи құбылыс екенін қысыр тілеулердің өзі жоққа шығара алмайды. Диалектика заңын өзгертуге ешкімнің дәрмені жеткен емес, жетпейді де» [5, 10].

Шығармадағы Сәкеннің замандастарының берген бағасы мен естеліктеріндегі сипаттаған бейнесі, оның ізденімпаздығы мен естіген-білгенін ойына тоқитын білімпаздығы да шығарма желісінде көрініс тапқан. Азаттықты аңсаған, азаттық жолында күрескер болғанын Сәкеннің осы бағыттағы атқарған қызметі, қарышты қаламынан туындаған шығармаларымен ұштасты қарауға болады. Жұмыр жерді мекендеген халықтардың, ел – жұрттардың, қай – қайсысының да ғасырлар бойы сұрыпталып, інжу – маржандай астарлы да асыл, ұлағатты шешендік, даналық қазынасы болатындығы хақ. Тіл байлығының алтын қоры саналатын осынау ғибратты сөздер өмір шындығын, халықтың тұрмыс - тіршілігі және салт – дәстүрімен қатар қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді тайға таңба басқандай дәл де шебер, мәнді де мәдениетті сөзбен бейнелеп жеткізіп, қазіргі ұрпақтың баға жетпес асыл мұрасына айналған өнер туындылары қазақта аз емес.

1968 жылдың желтоқсанында «Қызыл сұңқар» жарыққа шыға салысымен-ақ «Кітап жаршысы» басылымының «Ардагер азамат» (11 ақпан 1969) деген редакциялық мақаласы ізашар болып, бір жылда республикалық белді жарияланымдардан бастап, облыстық газеттерге шейін 20 шақты ұнамды рецензиялар жарық көрді. Қалың оқырмандарының ықыласына ие болды, әдеби сыннан дұрыс та лайықты бағасын алды. Бір жағы – тарихи деректік, бір жағы – ғылыми, бір жағы – ғұмырнамалық әдеби очерк сипатындағы жаңа туынды деп жоғары бағаланды. «Қызыл сұңқар» тек ғылыми ізденіс пен шабыттан ғана туындаған жоқ, ол сондай-ақ тәртіп, еңбек, табандылық атты ұштағанның қосындысынан дүниеге келеді. Өз қаламақысын өзіне жұмсауды жөн көрген Т.Кәкішұлы «Қызыл сұңқар» кітабын «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдардың өмірі» сериясынан шығаруға бірден бел шеше кірісті. Автор осы еңбегін бүкіл одақтық оқырман қауымға ұсыну мақсатымен жаңаша өңдей де толықтыра және реті келсе қысқартылып қалған жерлерін де қосып шығаруды ойға алды. Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасының бас редакторы қолжазбаны 1970 жылдың жоспарына енгізгенімен, қандай да кітап болса да жарыққа шығуға дейін бірталай баспалдақтардан өтетіні белгілі. Нәтижесінде ол «Сәкен Сейфуллин» деген атпен «Тамаша адамдардың өмірі» сериясының тарихындағы 14 басылымның 521-ші кітабы болып шықты. 1972 жылдың 12 маусымында терілімге жіберуге қол қойылса да, тек осы жылдың соңында ғана 65000 тиражбен 222 бет кітап болып жарық көрді.

Т.Кәкішұлының «Қызыл сұңқар» кітабында ұлт қамындағы мемлекеттік қайраткер Сәкеннің жалпыға бірдей салада да бастаған игі істері сөз болады. Сәкен Сейфуллин – қазақ зиялыларының имандай инабаты мен дара даналығының мәңгілік мектебі, асқаралы азаматтық парасаттың, сұлулық пен сезім пәктігінің шынар биігі екені дәлелдене жазылады. «Қызыл сұңқарды» оқыған сайын, қарымды қайраткерлігіне көз тіккен сайын кімде-кім аты

аңызға айналған адамның алдында өзін шәкірт санап, жан дүниесі рухани тазалаудан қайта өткендей, бір университетке татырлық білім-тағылым алғандай сезінері анық. Адамдық пен азаматтықты, ақындық пен қайраткерлікті терең сабақтастыра білген Сәкендей ұлы тұлғаның халқымыздың тарихында ұмыт қалмауын нақты дәлелдеп берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Кәкішев Т. Ескірмейді естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1994. - 243 б.
- 2.Кәкішұлы Т. «Мағжан - Сәкен» Ғылыми эссе. - Алматы, 1999. - 408 б.
3. Кәкішұлы Т. Мерей. Алматы, 2002. 1-том. 496 б.
- 4.Кәкішев Т.Сәкен сүйген сұлулар. Алматы: Атамұра, 1997. - 320 б.
- 5.Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы, 3 том. Алматы: Қазығұрт 2013 - 384 б.
- 6.Смағұлов Ж. Т.Кәкішұлы. Астана: Фолиант, - 488 б.
- 7.Кәкішев Т. С. Сейфуллин. Алматы: Рауан, -1997. - 362 б.

Төрехан Батырбек Тауасханұлы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс студенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
plusmmobil017@gmail.com

*Ғылыми жетекші:
Такиров С.У., ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор*

БЕКЕЖАН ТІЛЕГЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ШЫНДЫҚ

Кеңестік кезеңдегі идеологияның үстемдігі сонша халықтың барлық ісіне, оның ішінде ғылым мен мәдениетке, әдебиеттің әрқайсысына қатаң бақылау жасап отырды. Адамдардың ақыл-ойы, рухани жан дүниесі зат ретінде бағаланды. Еркін ой, еркін еңбек, сөз бостандығы деген атымен жоғалды. Шындықты іздеушілікке тыйым салынды. Ғылым, әдебиет, мәдениет бәрі идеологияландырылды. Қызыл идеологияның пәрменінің күштілігі сол, қазақ әдебиетінің атақты өкілдері санатындағы тұлғалардың беделдерін пайдаланып, билік оларға өзінің шашбауын көтертіп кеңестік саясатқа жат деп өздерінше ұран тастады, сол арқылы тарихи, әдеби өнерімізді тұншықтырғысы келді. Коммунистік идеология билік құрған тұста, баспасөз күрес құралы, ұжымдық насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болып табылды [1].

«Тарих - халықаралық трибунал»,-деген екен Шекспир. Сол кеңестік идеология саят құрған шақта өз арамыздан жалтақтап, өзінің орны үшін халқымыздың намысына, болашағына балта шапқандар да болды. Олар Совет өкіметінің мәңгі жасарына, компартияның ақырзаманнан соң да салтанат құра беретініне нық сенген. Халқы үшін азап, өздері үшін рахат отарлық жүйе ешқашан мызғымайды деп білген. Олай болмай шықты. Тарих қатал үкімін шығарды, әркім тарихтан өз сыбағасын алды.

Мақаламызға арқау болып отырған, сол кезеңдегі саясаттың сахнасында жүрген, М.Мағауиннің өзі «болашақ классик жазушы» деп пікір білдерген, заңғар жазушы, Бекежан Исағалиұлы Тілегеновке назар бұрайық. Белгілі жазушы Ә.Нұршайықов «Сексен алтыншы жыл» деген романды оқып шығып, сол туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде жазған пікірінде: «Бекежан Тілегеновтың «Сексен алтыншы жыл» романын оқып жатырмын. Қызықтырып тартып әкетіп барады. Бас алдыртатын емес.... Бекежанға әбден риза болдым. Шешен де, шебер де, батыл екен. Сонысы сүйсіндірді ...Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шебері болып қалыптасқан»-деп ағалық сүйінішін білдіруі тегін емес. Ендеше санаулы өмірін саналы етіп артынан із қалдырған Бекежан Тілегеновке кеңінен тоқталып, роман-толғауларындағы астарлы саяси шындықтарға өз әлімізше үңіліп көрдік [2; 16].